

АНЫҚТАМА №1

Бастауыш сынып мұғалімдерінің КТП мен ҚМЖ-ларын тексеру туралы 2025–2026 оқу жылы

2025 жылғы «06» қазан күні бастауыш сынып мұғалімдерінің КТП (күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары) мен ҚМЖ-на (қысқа мерзімді жоспарлары) мониторинг жүргізілді. Тексеру барысында төмендегі мәселелер қаралды:

1. Құжаттардың рәсімделуі

КТП жоспарлары оқу бағдарламасына және оқу жоспарына сай жасалған.
Сабақ тақырыптарының реттілігі, сағат саны, бөлімдерге бөлінуі талапқа сәйкес.
ҚМЖ құрылымы: мақсат, бағалау критерийлері, дескрипторлар, тапсырмалар, саралау, ресурстар – толық көрсетілген.

2. Оқу мақсаттарының қойылуы

Оқу мақсаттары жаңартылған білім мазмұнына сәйкес алынған.
Сабақ мақсаттары нақты, өлшенетін, күтілетін нәтижемен сәйкестендірілген.

3. Сабақ барысы мен әдіс-тәсілдер

Мұғалімдер белсенді әдістерді (топтық жұмыс, жұптық жұмыс, зерттеу жұмыстары) жүйелі қолданған.

Саралау түрлері (мазмұн, тапсырма, қолдау) жеткілікті.
Қолданылған ресурстар оқу мақсатына сай таңдалған.

4. Бағалау жүйесі

Қалыптастырушы бағалау түрлері жоспарға дұрыс енгізілген.
Критерий мен дескрипторлар сабақ мазмұнымен сәйкес келеді.
Кері байланыс беру жолдары көрсетілген.

5. Жүргізілген талдау нәтижесі

Тексеру нәтижесінде:
Жоспарлар жалпы талаптарға сәйкес.
Көптеген мұғалімдер құжаттарды уақытылы және толық рәсімдеген.
Кейбір ҚМЖ-ларда тапсырмалардың деңгейлік саралауы мен ресурс түрлерін нақтылау ұсынылады.

Жекелеген жоспарларда бағалау кезеңінде дескрипторларды толықтыру қажет.

6. Ұсыныстар

ҚМЖ-да оқушы әрекетін нақты көрсету;
Сабақ кезеңдерін уақытпен сәйкестендіру;
Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын түрлендіру;
Саралаудың нақты түрлерін көрсетуді жалғастыру.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылына арналған КТП және ҚМЖ құжаттары жалпы алғанда талапқа сай, бастауыш сынып мұғалімдерінің жоспарлау жұмысы жақсы деңгейде ұйымдастырылған.

Тексерген:  Кушкумбаева Сауле Маратовна

Бастауыш сынып меңгерушісі

Күні: «06» қазан 2025 ж.